

**«Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы
Тараз қаласының білім бөлімінің «№47 «Балауса» бөбекжай-бақшасы»
коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны**

**Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы қатынастарды
реттеуге арналған жұмыс жоспарының хаттамасы
№ 5 ХАТТАМАСЫ**

Тараз қаласы

19.06.2026 жыл

ТӨРАЙЫМ: «№47 «Балауса» бөбекжай-бақшасының меңгерушісі Ж.Ш.Маниева
ХАТШЫ: «№47 «Балауса» бөбекжай-бақшасының әдіскері А.Е.Қыстаубай

ҚАТЫСҚАНДАР: 22
ҚАТЫСПАҒАНДАР: 4

КҮН ТӘРТІБІ:

1. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілері».

1. ТЫҢДАЛДЫ: «№47 «Балауса» бөбекжай-бақшасының тәрбиешісі Наримбетова Жансая Сейлхановна сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілеріне жататын тұлғалар туралы баяндамасы.

СӨЗ СӨЙЛЕДІ: Наримбетова Жансая Сейлхановна өзіне сөз алып сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілеріне төмендегі тұлғаларды жатқызды.

- 1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган;
- 2) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың өзге де субъектілері;
- 3) мемлекеттік органдар, квазимемлекеттік сектор субъектілері, қоғамдық бірлестіктер, сондай-ақ өзге де жеке және заңды тұлғалар жатады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды өз құзыреті шегінде барлық мемлекеттік органдар, ұйымдар, квазимемлекеттік сектор субъектілері мен лауазымды адамдар жүргізуге міндетті.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін сыртқы талдауды Қазақстан Республикасының Президенті айқындайтын тәртіппен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган мынадай бағыттар:

- 1) мемлекеттік органдар мен ұйымдардың, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілердегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
- 2) мемлекеттік органдар мен ұйымдардың, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің ұйымдық-басқарушылық қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау бойынша жүзеге асырады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне сыртқы талдау жүргізуге сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың өзге де субъектілерінің мамандарын және (немесе) сарапшыларын тартуға құқылы.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін сыртқы талдау нәтижелері бойынша мемлекеттік органдар, ұйымдар және квазимемлекеттік сектор субъектілері сыбайлас жемқорлықтың туындау себептері мен жағдайларын жою жөнінде шаралар қабылдайды.

ШЕШІМ:

1. Мемлекеттік органдар, квазимемлекеттік сектор субъектілері, қоғамдық бірлестіктер, сондай-ақ өзге де жеке және заңды тұлғалар сыбайлас жемқорлықты болдырмаудың алдын алу.

Төрайым
Хатшы



Ж.Ш.Маниева
А.Е.Қыстаубай